

«6D020800-Археология және этнология » мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құрманязов Ыслам Серікұлының - «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Құрманязов Ыслам Серікұлының «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Қазақстандық Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі мәдениеттеріне геоархеологиялық анықтама берілген.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	3) Ы.С.Құрманязовтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен Ғылым дамуының 8-бағыты «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры, неолит,энеолит және қола дәуірінде мекен еткен тайпалардың археологиялық мәдениеттерінің геоархеологиялық және мәдени типологиялық зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға енгізіп отыр. Солтүстік-Шығыс Арал маңының тұрақтар мен қоныстарының беткі қабатынан табылған археологиялық материалдардыталдай отырып, аймақтың көрсетілген кезеңдерде тығыз қоныстанғандығын анықтаған. Соның ішінде Солтүстік Арал маңы Жалғыз-ағым, Үрген қоныстарынан табылған қалдықтарға геоархеологиялық сараптамалар жүргізіп, ескерткіштердің нақты жасын анықтаған. Отандық және шетелдік ғылыми ұйымдардың архив мұрағаттары зерттеліп пайдаланылған.

			Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. 2.1 Қосады, ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Құрманиязов Ыслам Серікұлы диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғалымның өзі жазылған еңбектері және геоархеология және археологиядағы жаратылыстану ғылымы әдістері туралы отандық, кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді талдау жасай отырып жазылған. Мұнда тақырыпқасай жасалған сараптамалар мен талдауларда автордың өзі жазу принципі сақталған. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі келесі факторлармен айқындалған: Бірінші: Орта Азия және Қазақстан тарихы мен археологиясында ғылымы жанадан қалыптасып келе жатқан кешенді ғылыми бағыттың бірі. Осы тұрғыдан диссертация тақырыбы өзекті болып отыр. Екінші: Осы геоархеологиялық зерттеудің әдістері Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуде қолданылған. Ы.С.Құрманиязов диссертациялық жұмысында Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу барысында ойлар келтіріліп, зерттеу нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертациялық тақырыбын толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және үш қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер логикалық тұрғыдан байланысады және алдына қойған мақсаты мен міндетіне толығымен жетіп отыр. Әр тарау негізгі ішкі құрылымы бір бірімен сабақтасады және толық қорытындыда сәйкестеніп отыр. Ғылыми жаңалығы мен жасалынған тұжырымдар жұмыста көрініс тапқан. 4.2.1 Айқындайды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант Солтүстік-Шығыс Арал маңының тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерін осы кезеңдерде өмір сүрген адамдар ортасын климатын табиғи ортасына тоқталып өткен. Сонымен қатар зерттеліп отырған аймақтың тас және қола дәуірінде тұтынған негізгі заттарының таралуы мен шығуын көрсете алған. Алғашқылардың бірі болып Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы кейінгі тас дәуірі мен қола

			ғасыры ескерткіштеріне деректанулық талдау жүргізіп және олардың мәдени-типологиялық сипаттамасын таразылаған және ескерткіштерін кезеңдестіру, геохронологиясын, палеогеографиясын корреляциясын және аудандастырған. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттері іске асқаны байқалады. Зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған. 4.3.1 Сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен байланысқан. Диссертант жұмысты жазу барысында, әр бөлімінде, тараушыларда қорытынды жасаған. Ескерткіштерден табылған тас құралар мен қыш ыдыстар сынықтарына геоархеологиялық кешенді талдау жүргізіп, Солтүстік-Шығыс Арал маңының тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштерінің ГАЖ бағдарламасында бірнеше карталармен көрсеткен. Кешенді зерттеу барысында аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізген халықаралық археологиялық экспедициялардың материалдарын және мұрағат құжаттарын тиімді пайдаланған. Әр қол жеткізген нәтижелер бір-бірімен толық байланысқан және диссертант тақырыптан ауытқымай жүйелі түрде дамытып жұмыстың сапасын көтеріп отыр. 4.4 толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа әдістер дәлелді, негізделген ойды тұжырымдарды мазмұнды пайдаланып отыр. Методологиялық әдіс тәсілдер қолданылған. Солтүстік-Шығыс Арал маңында орналасқан Жалғыз-ағым қонысынан табылған еңбек құралдарының шикізат көздеріне петрографиялық талдау жүргізіп, жергілікті және сырттан келген шикізат өнімдеріне қатысты бірнеше тұжырымдар ұсынған. Ескерткіштердің ерекшеліктеріне назар салған. 4.5 Сыни талдау жүргізген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп қарастыруға болады. Солардың ішінде: -Солтүстік-Шығыс Арал маңының кешенді түрде геоархеологиялық тұрғыдан жан-жақты әрі толыққанды сараптамадан өтіп қарастырған. Бұл толығымен жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Отандық тарих ғылымында Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері туралы қажетті еңбектер сараланып, Арал тұрақтары, Сарышоқы, Жалғыз-ағым, Тапа, Жалпак, Космола және басқа да ескерткіштерінің атауы танымал болғанымен

			көпшілікке белгісіз болып келген жаңа деректер мен мұрағат материалдары, нақты ескерткіштердің суреттері толық көлемде жүйеленген. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі тұрақтары мен қоныстары орналасу жағынан бірнеше топқа бөліп қарастырылып, тұрмыс тіршілігі және жергілікті тас құрал жасайтын шикізат көздерінің маңызы айқындалған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. -Зерттеліп отырған аймақтағы бірқатар тас және қола дәуірі ескерткіштеріне қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа ескерткіштер қайта зерделеніп, картаға түсіріліп, беткі қабатынан керекті материалдар жиналып алынған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1 толық жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толық жаңа болып табылады. Себебі, Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас және қола дәуірі ескерткіштері туралы мәліметтер жүйеленіп, сараланып талданып кейбір ескерткіштері кешенді геоархеологиялық талдаулар жүргізіліп жаңа ақпараттар қосылып отыр. 5.1 толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс «6D020800 - Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық технологиялық басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста Солтүстік-Шығыс Арал маңының кешенді түрде геоархеологиялық тұрғыдан жан-жақты әрі толыққанды сараптамадан өтіп қарастырылған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес

		4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 2- қағидат бойынша археологиялық және ландшафттық мәліметтер негізінде тұрақ, қоныс, жерлеу орындарына тарихи нысандарға ықпалын тигізетін геоэкологиялық факторлар анықталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 3-қағидат бойынша алғаш рет аймақтың орта голоценнен бастап Арал маңындағы табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлар ерекшеліктері, тас және қола дәуірі тұрмысындағы тұтынған негізгі шикізат көздері, еңбек құралдарының мәдени-типологиялық сараптамасы анықталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 4- қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас дәуірі (энеолит) мен қола ғасыры ескерткіштерін кезеңдестіру, геохронологиясын, палеогеографиясын, корреляциясын және аудандастырылуын айқындап, тас құралдары мен қыш ыдыстарының технологиясындағы функционалдық қызметтер талданған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі орташа 7.5. Иә. 5-қағидат бойынша Солтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері туралы қажетті еңбектер сараланып, Арал тұрақтары, Сарышоқы, Жалғыз-ағым, Тапа, Жалпақ, Космола және басқа да ескерткіштерінің атауы танымал болғанымен көпшілікке белгісіз болып келген жаңа деректер мен мұрағат материалдары, нақты ескерткіштердің суреттері толық көлемде жүйеленіп ғылыми айналымға енгізілген. 7.1. Дәлелденді
--	--	--	---

			7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә. 6- қағидат бойынша энеолит және ерте қола дәуірінің өндіріс қару-жарак жарақтарының типологиялық үлгілері әзірленіп, хронологиялық жағынан қайта қарастырылды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5.Иә. 7- қағидат бойынша аймақтағы бірқатар тас және қола дәуірі ескерткіштеріне қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа ескерткіштер қайта зерделеніп, картаға түсіріліп, беткі қабатынан керекті материалдар жиналып алынған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 8-қағидат бойынша көшпелі құмдар немесе суырма құмдар мәдени қабаты жоқ қоныстардан ескерткіштің жасын нақтылау үшін зертханалық деңгейде сараптау және талдау жүргізілген, ескерткіштердің жастары нақтыланған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә. 9- қағидат бойыншаСолтүстік-Шығыс Арал маңының кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірі ескерткіштері орналасу жағынан бірнеше топқа бөліп қарастырылып, тұрмыс тіршілігі және жергілікті тас құрал жасайтын шикізат көздерінің маңызы айқындалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең
--	--	--	---

			7.5. Иә. Диссертация жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері 20 ғылыми мақала ретінде жарық көрді. оның ішінде 11 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесі тізіміндегі журналдарда жарық көрді. 3 мақала Scopus және Web of Science базасында енген журналдардың басылымдарында жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Қойылған міндеттерді шешу үшін, жұмысты зерттеу барысында археологиядағы кешенді жаратылыстану әдістері қолданылған. Археологиялық нысандар мен олардан шыққан артефактілерді зерттеуде дәстүрлі тарихи-археологиялық, сипаттама жасау, салыстырмалы-тарихи талдау жүргізу, техникалық-типологиялық, ұқсастықтар мен корреляциялар әдістері қамтылған. 8.1 Иә
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу барысында компьютерлік технологиялар оның ішінде ескерткіштердің орналасу картасын жасау геоақпараттық жүйесі кеңінен қолданылған және ескерткіштердің нақты географиялық координаттары енгізілген. Ескерткіштер және олардан табылған артефактілер мен қыш ыдыстар сынақтарын суретке түсіру үшін фотоапарат және компьютерлік гистограмма әдістері қолданылды. Тас құралдарды зертханалық талдау барысында әр түрлі бейімдегі электронды микроскоптар пайдаланылған. 8.2 Иә
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеулер теориялық тұжырымдар мен кешенді зерттеулермен дәлелденіп расталған. Жалғыз-ағым, Тапа ескерткіштерінен табылған тас құралдары мен қыш ыдыстар сынықтары Қазақстанның кейбір аймақтары және көршілес Оңтүстік Арал, Өмударияның өзені аумағындағы ескерткіштермен салыстырылған және жасалу технологиясындағы ерекшеліктеріне мән берілген. 8.2 Иә
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың теориялық методологиялық негізі дұрыс Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын архивтік: Негізгі мұрағат материалдар Ресей Федерациясы Мәскеу қаласындағы Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология Институттың қорындағы Хорезм

			археологиялық-этнографиялық экспедициясының материалдары; Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтындағы Шірік Рабат археологиялық этнографиялық экспедициясының архивтік қоры; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Археология және этнография ғылыми орталығындағы тақырыпқа қатысты ғылыми есептер қаралған.Музейлік: Мәскеудегі мемлекеттік Шығыс халықтарының музейі қорларындағы Шығыс Арал маңынан ашылған Қосмола, Аймора, Солтүстік Түгіскен ескерткіштерінен табылған тас құралдар және қыш ыдыстар топтамалары (қор бөлімінде сақталған, экспозицияға қойылған, т.б.) материалдар қамтылған; Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясының әр кезеңде өткізген археологиялық топтамалары; Арал және Қазалы аудандық өлкетану музейінің қорында сақталған саны 800 шақты кездейсоқ табылған, жергілікті тұрғындар өткізген тас құралдар мен қыш ыдыстар сынықтарығылыми айналымға енгізіп қарастырған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 262 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә, диссертацияныңтеориялықмаңыздылығы бар Солтүстік-Шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі ескерткіштері жайлы кешенді талдаулар мен геоархеологиялық әдістермен қарастырылып мазмұнынтолықашқанжәнеалдынақойылғанмақсат-міндеттеріорындалған. 9.1 Иә
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Жұмыстың нәтижелері мен материалдары болашақта Орталық Азия және Қазақстан тарихының қазіргі тұжырымдамасын жасауда және Еуразияның далалық және шөлейтті аймақтарының археологиясын жазуда пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелерінің ғылыми жарияланымдарын жоғары білім беру орындарының білім алушыларына дәрістік материалдар ретінде және оқу-әдістемелік құралдар да дайындауда қолдануға болады. 9.2 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі кейінгі тас ғасыры мен қола дәуірінің тас құралдары мен қыш ыдыстарын жүйелі кешенді түрде зерттеген алғашқы еңбек болып табылады.Қазақстан тарихы мен археологиясындағы Солтүстік-Шығыс Арал аймағында жаңадан ашылған және бұрынан ашылған кейінгі тас ғасыры мен қола

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	дәуірінде аймақтың қоныстану динамикасы, шаруашылғына қатысты құнды еңбек болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде академиялық стильдің талаптарына сай жазылған. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Диссертация мәтінінде орфографиялық қателіктер бар. Жұмыс нақты материалдарға бай және толыққанды дайындалған жұмыс деуге болады.

Құрманязов Ыслам Серікұлының - «Солтүстік-Шығыс Арал маңы ескерткіштерінің кейінгі тас ғасыры мен қола дәуіріндегі геоархеологиялық және мәдени-типологиялық сипаттамасы» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан да, «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық Қазақ-Түрік университеті профессоры,
Т.Ғ.Д.

РАСМІ ҚОЛЫ
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы

Адам
ресурстарын
басқару бөлімі

М.Б. Қожа